

**Криптовалютаға тыйым салу
(бұғаттау) және тәркілеу
ӘДІСТЕМЕСІ**

Астана қ., 2024

**Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі /
Т.Ғ. Маханов // Астана қ., 2024 ж.**

Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және оларды тәркілеу әдістемесі криптовалюта қылмыстық мақсатта пайдалану мәселелері бойынша қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде әзірленді. Аталған қылмысқа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында құқық қорғау органдары үшін қажетті көмекші құрал болып табылады.

Әдістемеді криптовалюта түсінігі, түрлері қысқаша сипатталып, тиісті ақпараттық бағдарламаның көмегімен криптоэмияндарды зерттеу және тергеудің алғышарттарын визуалды көрсетеді. Оған қоса, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы әрекеттеріне практикалық ұсынымдар беріледі.

Ұсынылған әдістеме сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында құқық қорғау органдарының практикалық қызметінде, сонымен қатар оқу процесінде қолданылуы мүмкін.

Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі ©

АВТОР

Талғат Ғабитұлы
МАХАНОВ
Заң ғылымдарының
магистрі



МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	5
2. Криптовалюта түсінігі мен түрлері.....	6
3. Crystal аналитикалық бағдарламасын қолданып криптоәмияндарды зерттеу және тергеу.....	7
4. Криптовалюталарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу.....	10
5. Қолданылған қайнаркөздер тізімі.....	16
6. Қосымша.....	17

Кіріспе

Қазіргі уақытта әлемде цифрлық технологиялардың дамуы аясында экономикалық қатынастардың, оның ішінде электрондық сауданың белсенділігі артып келеді. Ғалымдардың пікірінше, болашақта адамзат қағаз ақшаны пайдаланудан мүлдем бас тартып, тек электронды ақшаны ғана қолданатын болады, ал жаһандану біртұтас әлемдік валютаның құрылуына әкеледі.

Шындығында, болашақ іс жүзінде келді, әлемдік қаржы аренасында әртүрлі сандық ақша – криптовалюта пайда болды.

Криптографиялық ақша мемлекеттің бақылауынан тыс экономикалық құралға айналып келеді. Кейбіреулер, мысалы, Уоррен Баффет, цифрлық валюта – биткоин, мәні бойынша құлдырау сияқты, ал біреулері (Билл Гейтс), керісінше, оны үлкен техникалық жетістік деп санайды.

Сарапшылардың пікірінше, 2023 жылдың сәуір айында барлық криптовалютаның капитализациясы 1,3 трлн \$ құрады, яғни Bitcoin (47,59%), Ethereum (18,49%), Teather (6,54%), BNB (4,11%) және басқасы (23,27%) [1].

Криптовалюталардың артықшылығы – жасалған операциялардың (транзакциялардың) қайтарымсыздығы, орталықтандырылған мәліметтерді сақтаудан бас тарту, мәліметтердің қауіпсіздігі, делдалдардың көмегінсіз тараптардың шарттар жасасуы, тәулік бойы жұмыс жасау мүмкіндігі, транзакцияларды жүзеге асырудың төмен бағасы және т.б.

Жаңа технологияның аталған және басқа артықшылықтарын блокчейннің өзінде де, оның өнімдерінде де құқықтық мәртебенің болмауына байланысты толық бағалау мүмкін емес.

Мамандардың пікірінше, мәжбүрлі құқықтық вакуум оларды пайдалану тәуекелдерінің көбеюіне және соның салдарынан ірі қаржылық және өндірістік құрылымдардың бұл технологияны өздерінің бизнес-процестеріне енгізгісі келмеуіне әкеледі [2].

Сонымен бірге криптовалютаның барлық артықшылықтары туралы айтатын болсақ, онымен байланысты тәуекелдерді, оның ішінде қылмыстық тәуекелдерді ұмытпау керек. Криптовалюта қауіпсіздік пен жасырындық саласында белгілі бір артықшылықтарға ие болғанымен, оны заңсыз әрекеттерді теріс пайдалану мүмкіндігіне байланысты құқық қорғау органдары мен қаржы реттеушілерінің жіті назарында қалып отыр.

Блокчейн технологиясының өнімдерін пайдалану тәуекелдері туралы алғаш рет Европол 2015 жылғы есебінде криптовалютаны талдай келе, жаңа қаржылық құрал қылмыстық салада (сыбайлас жемқорлық, есірткі саудасы, порнография, адам саудасы, жалдамалы кісі өлтіру және т.б.) кең танылып келе жатқанын баяндады. Көбінесе криптовалюталар заңсыз интернет (Darknet) кеңістігінде айналыстан алынған заттар мен тауарларды сатып алу кезінде қолданылады.

Сонымен қатар ғалымдардың ойынша, криптовалютаның келесі негізгі криминогендік аспектілерін көруге болады:

- қылмыстық қызметті жүзеге асыруды жеңілдететін биткоин қасиеттерінің жиынтығы (транзакциялардың анонимділігі, операциялардың трансұлттылығы, биткоинді басқарудың бірыңғай ядросының болмауы түріндегі орталықсыздандыру);

- биткоиннің айналым саласының халықаралық және ұлттық заңнамамен реттелмеуі (FATF «know your customer» ережесі, халықаралық-құқықтық көздердің болмауы);

- құқық қорғау жүйесінің биткоинді қолдану арқылы жасалған қылмыстарды анықтауға және тергеуге дайындығының әлсіздігі [3].

Осылайша криптовалюта қызметтерге ақы төлеудің мүлдем жаңа және іс жүзінде тәуелсіз түрі болғандықтан, оны қылмыстық схемаларда қолдану қылмысқа қарсы іс-қимылдың тиімділігін едәуір қиындатады.

Осы орайда, криптовалютаны қылмыстық мақсатта пайдалану тақырыбының өзектілігі артып келеді. Оның ішінде аталған тақырып енді дамып келе жатқандықтан құқық қорғау органдарының криптовалюталарға тыйым салу мен оларды тәркілеу барысында көптеген мәселелер туындауда.

Біріншіден, аталған санаттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қалыптасқан тәжірибесінің болмауы.

Екіншіден, көрсетілген істерді тергеп-тексеру барысында қолданыстағы заңнама нормаларының олқылығы.

Криптовалюта түсінігі мен түрлері


Криптовалюта дегеніміз не және оны басқа валюта түрлерінен қалай ажыратамыз?

Криптовалюта – (грек тілінен κρυπτός «жасырын», италиянша valuta «құн, тиын, ақша» деген мағына береді) ішкі есеп айырысу бірліктерін есепке алуды орталықтандырылмаған төлем жүйесі қамтамасыз ететін сандық валютаның бір түрі (ішкі және сыртқы администраторы немесе оның кез келген баламасы жоқ).


Криптовалюталардың барлық түрлерін шартты түрде үш негізгі түрге бөлуге болады: **биткоин**, **альткоиндер** (олардың ішінде стаблкоиндерді ажыратуға болады), **токендер** (DeFi токендерін қоса алғанда). Мысалы, биткоиннің тарихы 2008 жылы Сатоши Накамото жариялаған мақаладан басталады. Мақалада ол бірыңғай төлем жүйесі деп атаған биткоиннің жұмыс қағидасын сипаттаған. 2009 жылы криптовалютаны қағаз ақшаға айырбастау және бастапқы операциялар жүргізіле бастады [4].

Сатоши үйдегі компьютер арқылы алғашқы генезис-блокты жасау нәтижесінде бірінші биткоинді алды. Уақыт өте келе майнинг жасау (криптовалютаны өндіру) құрылғылары дамып келеді.

Криптовалютаға қол жеткізуді тікелей бақылау блокчейн платформасы арқылы жүзеге асырылады.



Айта кететіні, өзге адамның криптоәмиянына кіру үшін немесе өз паролінді ұмытып қалған жағдайда 12 (кейде 18 не 24) қалпына келтіру сөздері болу керек, мысалы: atom skull smile nut winner almost tank raise notice help frozen gas.



Сонымен, қазіргі заманауи технологиялардың жетістігі болып отырған криптовалюта отандық заңнамада реттелген. «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы № 193-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес *цифрлық актив, қамтамасыз етілген цифрлық актив, қамтамасыз етілмеген цифрлық актив, цифрлық майнер, цифрлық майнинг, цифрлық активтер биржасы* ұғымдарына анықтама берілген.


Crystal аналитикалық бағдарламасын қолданып криптоәмияндарды зерттеу және тергеу

Crystal – құқық қорғау органдары мен қаржы институттарының пайдалануына арналған блокчейндегі биткоинді көпфункционалды тергеу құралы.

Бұл бағдарлама блокчейндегі криптовалютаның толық бейнесін көрсетеді және күдікті операцияларды (транзакцияларды) көрсету үшін кеңейтілген **талдау жүргізуге қолайлы**.

Инновациялық құрал сонымен қатар тергеушілерге зиянды әрекеттерді анықтауға және бақылауға көмектеседі. Crystal нақты объектілер үшін күдікті Bitcoin транзакцияларын қадағалау және қылмыстық субъектілер арасындағы қатынастарды анықтау мақсатында **құқық қорғау органдарына арналған**.


Бұл құралды қолдануға кез келген адам үшін қолжетімсіз, яғни арнайы рұқсаты болу қажет және <https://expert.crystalblockchain.com/login> мекенжайына логин мен пароль арқылы кіруі қажет (1-сурет).



1-сурет. Crystal бағдарламасына кіру

Одан әрі бағдарламаға кірген соң белгілі болған криптоәмиянның мекенжайын тауып алып, ұсынған криптовалюта түрлерін таңдаймыз.


Әмиянға кірген соң **профильдеуді** жүзеге асырамыз. Бұл сатыда әмияндағы транзакцияларды зерделей отырып, кіріс (дебет) және шығыс (кредит) операцияларына талдау жасаймыз (2-сурет). Фильтр арқылы тек кірісті немесе шығысты анығырақ көруге болады.



2-сурет. Crystal бағдарламасында профильдеу

Бұл сатыда қызығушылық танытқан операцияның (транзакцияның) қайдан келіп, қайда кеткенін, қанша биткоин жұмсалғанын көруге болады. Бір ерекшелігі, блочейндегі транзакцияларды өшіру не өзгерту техникалық тұрғыда мүмкін емес. Блокчейннің танымалдығы артқан сайын қылмыстық мінез-құлықты бақылау құралдарының кең ауқымы қажет бола бастады.

Аталған әмиянның тәуекел деңгейі 63%-ды құрағанын көруге болады. Мысалы, аталған әмиянға Hydra даркнеттегі сауда платформасынан 137,9; Bizloto микшерінен 50,8; Binance криптобиржасынан 7,9; Onion Market даркнеттегі сауда платформасынан келген 7,1 биткоинді көруге болады (3-сурет).



3-сурет. Crystal бағдарламасында криптоәмиянды талдау

Сонымен бірге бақылау барысында транзакциялардың қай уақытта жүргізілгенін, оған қоса қай кезең аралығында белсенді болғанын көруге де болады.

Тергеу сатысында криптоәмияндағы операциялардың бір-бірімен байланысын сызба арқылы көруге болады, яғни ол үшін мекенжайы арқылы (addresses) немесе мәні бойынша (entities) визуализацияны құрастырамыз.


Бағдарлама тергеушілерге тек қажетті транзакциялар мен мекен-жайларға назар аударуға мүмкіндік береді, сонымен қатар нақты транзакциялардың егжей-тегжейін зерттеуге мүмкіндік береді.

Визуализация нәтижесінде түрлі криптоәмияндардан келген кіріс биткоиндардың жәбірленуші әмияны арқылы Kraken криптобиржасына шығысын көруге болады (4-сурет).

Талдау қорытындысы бойынша алынған нәтижелерді дәлелдеме ретінде қылмыстық іске қосуға болады.

Айта кететіні, Crystal – бұл қылмыстық әрекеттер мен нақты ұйымдар арасында байланыс орнатуға, Bitcoin әмияндарының тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін теңдесі жоқ әмбебап құрал.

Құрал әртүрлі блокчейн нысандарын байланыстырады және экономикалық тергеу қызметінің пайдалануы үшін маңызды дәлелдемелер береді.



4-сурет. Crystal бағдарламасында визуализация жасау

Сонымен, құқық қорғау органдарының қызметкерлері криптоактивтермен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл аясында Crystal бағдарламасын криптоәмияндарды зерттеуге және тергеуге пайдалана алады.

Криптовалюталарға сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау ерекшеліктері

Криптовалюталармен байланысты қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің өзіндік ерекшеліктері бар.

ҚПК-нің 179-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды СДТБТ-ға тіркеу не кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекетін жүргізу сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Ол туралы бір тәулік ішінде прокурорға хабардар етіледі.


Бұл ретте СДТБТ-ға тіркеу бір мезгілде немесе кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекетін жүргізгеннен кейін дереу прокурордың, тергеушінің, анықтаушының баянаты негізінде жүргізіледі (ҚПК-нің 179-бабы екінші бөлігі) [5].

Криптовалюталармен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасырынды болып табылады, сондықтан тергеп-тексеруді бастау үшін қылмыс іздерін анықтау және бекіту үшін алғашқы жедел тергеу әрекетін жүргізу абзал.

Аталған санаттағы қылмыстар бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібі:

1. Күдіктіні ұстап алу. Жеке тінту жүргізу
2. Үй-жайларды, бөлмені, орынжайларды қарап-тексеру
3. Тінту
4. Алу
5. Қажет болған жағдайда, куәландыру
6. Күдіктіден жауап алу
7. Жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу
8. Басқа да тергеу әрекеттері

Аталған тергеу әрекеттерін қажеттілігіне қарай шұғыл жүзеге асыру қажет, себебі қылмыскер дәлелдемелерге қол жеткізуді жойып жіберуі әбден мүмкін. Сонымен бірге көрсетілген әрекеттерді жүргізу барысында белгілі бір реттілік сақталмауы мүмкін, яғни тиімділігіне, мақсаттылығына қарай күттірмейтін тергеу әрекетінің кезектілігін сақтамауға болады (1-сызба).



1-сызба. Криптовалюталармен байланысты қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау (қазіргі жағдай бойынша жоба)

Мысалы, криптовалюталарды пайдалану арқылы қылмыстық ойын іске асырушы қылмыскерді ұстап алу барысында қажетті, креативтік, жаңа тактикаларды қолдану қажет.

Кімде-кім өзгенің криптоәмиянының дербес кілтін білетін болса, оған қол жеткізген жағдайда, ол криптоәмияндағы активтердің барлығына толық иелік етеді.

Осы орайда, зерттеу барысында криптоактивтермен байланысты қылмыстармен күресуде қажетті болып табылатын практикалық қызметкерлерге келесідей ұсынымдарды ұсынуды жөн көріп отырмыз|:

1 Ұсыным: Қылмыстық табыстарды криптовалюта арқылы заңдастыруды жүзеге асырып жатқан тұлғалар туралы келіп түскен ақпарат болған жағдайда, күдіктіні ұстап алуға барған кезде, ол отырған бөлмеге шұғыл кіріп барып, телефонның паролін кездейсоқ сұрақ қою арқылы біліп алу қажет. Тәжірибе көрсеткендей, күдікті сасқанынан паролін дереу айта қояды. Себебі, көбінесе криптоэмиян смартфонда жүктеледі.

Әрі қарай қажетті дәлелдерді заңнамаға сәйкес бекітіп алу қажет. Шын мәнісінде, егер де ұстап алу рәсімін асықпай жүргізген жағдайда паролді айтпай, «ұмытып қалдым» деуі мүмкін. Бұл орайда құрылғыны ашу техникалық жағынан қиындықтар туғызуы немесе мүлдем ашылмауы мүмкін.

2 Ұсыным: Криптобиржа администраторының биткоиндармен заңсыз транзакция жүргізу туралы ақпарат болған жағдайда, оларды құрықтау шарасын жүргізу қажет. Құқық қорғау органдарының мақсаты администратордың үйінде немесе офісінде орналасқан компьютерге қиындықсыз (паролсіз) кіру қажет.

Алайда үйіне басып кірген кезде компьютерді дереу өшіріп тастау қаупі төніп тұруы мүмкін. Сондықтан жедел тактиканы қолданып, үйінің не офісінің қоршауына жасанды жол көлік оқиғасын ұйымдастыру керек. Оны естіп қалған қылмыскер компьютерін өшірместен шұғыл сыртқа шыққан кезде жедел топ баса көктеп кіріп барып компьютерге паролсіз кіріп, қажетті дәлелдемелерді бекітіп алу қажет.

Осылайша аталған санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекетін сапалы жүргізу арқылы қажетті дәлелдемелерді алуға қол жеткізуге болады.

Бұл орайда:

- жедел-тергеу тобының құрамына білікті IT-маманды (қажеттілігіне қарай криптовалюта саласындағы маман) тарту қажет, себебі криптоэмиянға не жүйеге кіруге рұқсатты жоғалтып алмау үшін аталған маман жедел әрекет етуі тиіс;

- күдікті отырған бөлмеге кіріп барған кезде штаттық емес ситуациялар (жасанды айқай-шу, дауыс көтеріп паролін сұрау және т.б.) жасап, оның ұялы телефонының жабылып қалуына жол бермеу қажет;

- бөлмені, орынжайларды қарап-тексеру, тінту әрекеттерін жүргізу барысында 12 (кейде 18 не 24 болатын) қалпына келтіру сөздерін тауып алу қажет (бұл сөздерді жария етпеуді қамтамасыз ету керек) және т.б.

Бұл шаралар криптовалютаға тыйым салуды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Криптовалюталарға тыйым салу

ҚПК-нің 161-бабының талаптарына сәйкес тергеуші үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу

бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында криптоактивтерге **тыйым салуды** қолдану шараларын **қабылдауға міндетті**.

Осы орайда криптоәмиян туралы мәлімет алынған соң, ҚПК-нің 161-бабының талаптарына сәйкес, тергеуші кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда прокурордың келісуімен, егер криптоәмиянның иесінің жеке басы анықталса, оны 24 (жиырма төрт) сағат ішінде хабардар ете отырып, билік етуге 10 (он) тәуліктен аспайтын мерзімге **уақытша шектеу белгілеуге** құқылы.

Осы орайда тиісті өте шұғыл сұрау салу арқылы криптоәмиянға уақытша тыйым салуды жүзеге асыру қажет (1-Қосымшаны қараңыз).

Тергеуші мүлікке билік етуге шектеу белгіленген мерзім өткенге дейін криптобиржаны бұл туралы хабардар ете отырып, ҚПК-нің 162-бабында көзделген тәртіппен сот алдында мүлікке тыйым салуды қолдану туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығаруға (2-Қосымшаны қараңыз) не белгіленген шектеуді алып тастауға міндетті.

Ерекшелігі – егер криптоәмиянның иесін оған тиесілі криптовалютаға билік етуге уақытша шектеу белгіленгені туралы хабардар ету мына жағдайларда жүргізілмейді:

1) террористік немесе экстремистік қылмыстар бойынша;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстар бойынша;

3) егер криптоәмиян иесін криптовалютаға билік етуге уақытша шектеу белгіленгені туралы хабардар ету іс бойынша жүргізіліп жатқан жасырын тергеу іс-шаралары туралы ақпараттың ашылу қаупін туғызған жағдайларда.

Мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке *билік етуге*, ал қажет болған жағдайларда оны *пайдалануға* тыйым салудан не мүлікті *алып қоюдан* және оны *сақтауға беруден* тұрады.

ҚПК-нің 161-бабының 9-бөлігіне сәйкес, *криптовалюталар не криптоәмияндар жасырылуы немесе жоғалтылуы мүмкін* деп пайымдауға негіз болған жағдайларда, тергеуші прокурорды және сотты 24 (жиырма төрт) сағат ішінде хабардар етіп, 10 (он) тәуліктен аспайтын мерзімге криптовалютамен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды **тоқтата тұруға** не **мүлікті алып қоюға** құқылы.

Тергеуші криптовалютаны пайдалануды тоқтата тұрудың не оны алып қоюдың мерзімі өткен соң цифрлық активтердің биржаларын (криптобиржаны) бұл туралы *хабардар етіп*, ҚПК-нің 162-бабында көзделген тәртіппен сот алдында мүлікке тыйым салуды қолдану туралы өтінішхатты қозғау туралы **қаулы шығаруға** немесе криптовалютаға уақытша тыйым салудың **күшін жоюға** және (немесе) оны **қайтаруға міндетті**.

ҚПК-нің талаптарына сәйкес криптоактивтерге шектеу белгіленген, мәмілелер және өзге де операциялар жасау тоқтатыла тұрған **мерзім өткен** және тергеу сотының мүлікке тыйым салуды қолдануды санкциялауы туралы **қаулы келіп түспеген** жағдайларда, цифрлық активтердің биржалары

(криптовиржа) тергеушіні дереу хабардар ете отырып, криптовалюта таны шектеуді, тоқтата тұруды өз бетінше алып тастауға міндетті.

ҚПК-нің 162-бабына сәйкес криптовалютаға тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулыға өтінішхаттың негізділігін растайтын, қылмыстық істің куәландырылған көшірмелері (тергеу әрекеттерінің хаттамалары, уәкілетті органдардан және ұйымдардан, оның ішінде криптобиржалардан алынған сұрау салуларға жауаптар) қоса беріледі.

Тергеу судьясы санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

ҚПК-нің 162-бабының 5-бөлігіне сәйкес, тыйым салу туралы қаулыда тыйым салынуға жататын мүліктің қаншалықты анықталғаны, сондай-ақ азаматтық талап қоюды қамтамасыз етуде тыйым салу жеткілікті болатын оның құны, іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін оны сақтау орны туралы мәлімет көрсетілуге тиіс.

Қазіргі таңда криптоактивтерге тыйым салуды (бұғаттауды) криптобиржалардан (оның ішінде Бинанс) сұрау салу арқылы жүзеге асыру қажет.

Қылмыскердің криптоәмиянындағы тыйым салуға жататын криптовалюталар құқық қорғау органының ресми криптоәмиянына (суық әмиянға) аударылып, сот үкімі шыққанша сақталуы тиіс.

Әрине тәркілеу бойынша әлі жүзеге асқан тәжірибе орын алған жоқ. Алайда оны жүзеге асыруға қолданыстағы заңнама еш кедергі келтірмейді.

Бұл рәсімдердің барлығы ҚПК-нің, Заттай дәлелдемелерді есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларының нормаларына, талаптарына сай жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар тыйым салынған криптовалюталарды сақтау кезінде оларды жоғалтып алу (бөгде адамдардың рұқсат алуы, паролді білген адамның әмиянды бұзып кіруі және т.б.) тәуекелдер туындауы мүмкін.

Осы орайда:

- криптоәмиянға тыйым салу үшін үш факторлы аутентификациялы (паролін не кіруге рұқсат беретін 12 сөзді) қорғауы бар тиісті құқық қорғау органының сақтаушы криптоәмиянының болуы қажет;
- криптоәмиянға тиімді тыйым салуды ұйымдастыру үшін криптобиржалармен сенімділік қарым-қатынас орнату және жедел сұрау салулардың жылдам орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Бұдан кейін ҚПК-нің талаптарына сәйкес уақытша тыйым салынған криптовалюта әрі қарай соттың шешіміне сәйкес тәркілеуге жатады.

Криптовалюталарды тәркілеу

Халықаралық тәжірибеге сәйкес криптоактивтерді тәркілеу немесе оның салыстырмалы құнын анықтау басқа меншік нысандарын, әсіресе ақша құралдарын тәркілеуден еш айырмашылығы жоқ.

Соттың үкіміне сәйкес тәркілеуге жататын криптовалюталарды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы

№227 бұйрығымен бекітілген Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізу қажет [6].

Оған қоса Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамаға сәйкес тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлік мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізіледі немесе пайдаланылады (75-бап) [7].

Сонымен бірге 138-бапқа сәйкес жеке сот орындаушысының орындауына мүлікті тәркілеу не мүлікті мемлекетке беру туралы атқарушылық құжаттар жатпайды.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, Германияда соттың үкіміне сәйкес тәркілеуге жататын криптоактивтерді полиция қызметкерлері биткоин бағамының өсуін күтіп, уақыты келген кезде сатып, қомақты пайда түсіретіні байқалды. Әрине, пайдасын полицияның қажеттілігіне жұмсайды екен.

Әрине шетел мемлекеттерінде бұл мәселеге қатысты тәжірибе әр түрлі:

- Оңтүстік Корея билігі салық төлемегені үшін 47 миллион АҚШ долларына тең криптовалютаны тәркілеген;

- Лондонда 2021 жылы бірнеше жүз миллион фунт стерлингке 2 криптовалюта тәркіленген;

- АҚШ Әділет министрлігі 2021 жылы Даркнеттегі хакерлерден 4,4 миллион АҚШ долларына тең криптоактивтерді тәркілеп, иесіне қайтарған;

- 2022 жылы АҚШ Әділет министрлігі тарихтағы ең ірі криптовалюта тәркілеуін (баламасы - 5 млрд. доллар) жүзеге асырды. 2016 жылы Bitfinex биржасын бұзу нәтижесінде ұрланған биткоиндар 71 миллион АҚШ долларына бағаланған;

- 2022 жылы Беларуссияның Тергеу комитеті алаяқтық фактісі бойынша 100 миллион беларусь рублінен астам сомаға келетін криптовалюта өндіріп алған.

Алайда криптоактивтерді тәркілеу арқылы мемлекет пайдасына жатқызу рәсімі немесе тетігі отандық заңнаманың талаптарына сәйкес жүргізілу керек.

Сонымен, соттың **криптовалютаны** тәркілеу жөніндегі қаулысы (үкімі) шығып, **заңды күшіне енген** уақыттан кейін дереу мемлекет пайдасына **аудару қажет**. Яғни, ол үшін құқық қорғау органының арнайы сақтауыш криптоәмиянындағы активтерді (криптовалютаны) криптобиржа арқылы сол күнгі курспен **ұлттық валютаға конвертациялау** арқылы сатып, түскен қаражатты бюджетке **аудару** қажет деп санаймыз.

Қолданылған қайнаркөздер тізімі:

1. Глобальные графики криптовалют. Общая рыночная капитализация криптовалют // (<https://coinmarketcap.com/ru/charts/>).
2. Anderson K.B. Identity Theft / K.B. Anderson, E. Durbin, M.A. Salinger // Journal of Economic Perspectives. - 2008. - Vol. 22, № 2. - P. 171-192.
3. Криптовалюты: легальные и криминально-теневые аспекты оборота / В.В. Дорофеева, Л.А. Каверзина, Д.В. Жмуров, Т.Г. Краснова, В.И. Бураков. // Всероссийский криминологический журнал. – 2019. – Т. 13, № 6. – С. 884-894.
4. Nakamoto S. Bitcoin: A Peer-to-Peer Electronic Cash System / Satoshi Nakamoto. – URL: <http://satoshinakamoto.me/whitepaper>.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
6. Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 227 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010813>
7. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_

ӨТЕ ШҰҒЫЛ!

«Binance» платформасы

Энск қаласы бойынша құқық қорғау органы 2023 жылғы 1 желтоқсанда ҚР азаматы «Ж»-ға қатысты цифрлық активтерді ақшаға айырбастау саласында заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру фактісі бойынша ҚР ҚК 214-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша №12222222222222 сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеді.

Аталған азамат түрлі криптовалюта биржаларының шоттарын пайдалана отырып, криптоактивтерді сатып алу және сату (айырбастау) жөніндегі заңсыз қызметті ұйымдастырған.

Осы құқыққа қайшы қызметке қатысы бар келесікриптоэмияндар бойынша аударымдарды жүзеге асырды:

1. Сидоров Сидор Сидорович, ЖСН 202020202020 (пайдаланушының идентификаторы ID 55443322, тіркелген күні 10.10.2021 ж., активтердің түсу кезеңі 10.10.2021-01.04.2023 жж. барлығы 900 операция, активтерді шығару кезеңі 10.10.2021-01.04.2023 жж. барлығы 800 операциялар).

2. -----

3. -----

4. -----

Тергеу қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толықтығын, жан-жақтылығын, объективтілігін қамтамасыз ету және заңды процестік шешім қабылдау мақсатында, ҚР ҚПК 34-бабының 5-бөлігіне сәйкес Сізден:

- Binance биржасында көрсетілген аккаунттарды тіркеу (ашу) үшін құжаттарды ұсынған тұлғалардың деректерін (телефон нөмірлерін, электрондық поштаны, паспорттық және өзге де деректерді) көрсете отырып, есеп айырысу бойынша жіберушілер мен алушылардың кімге тиесілі екені туралы;

- көрсетілген шоттар бойынша барлық мәмілелерді жүргізудің нақты күндері мен уақыты, IP-мекенжайлар, геолокация, Binance биржасында осы шоттардың пайдаланылуы туралы өзге де мәліметтер беруіңізді сұраймын.

Қысқа мерзімдерге байланысты сұрау салуды 10 күн мерзімде орындауды, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса беруді, сондай-ақ жауабын a.asanov@mail.kz электрондық мекенжайға жолдауды сұраймын.

Қосымша:

- 1. С.С. Сидоровқа қаражат түсу тарихы 2 бетте.

- 2. ----- 5 бетте.

- 3. ----- 3 бетте.

**Энск қаласы бойынша
құқық қорғау органының басшысы**

Б. Басов

Соттың алдында мүлікке тыйым салуды санкциялау
бойынша өтініш қозғау туралы
ҚАУЛЫ

2023 жылғы « ____ » _____

Энск қ.

Энск қаласы бойынша құқық қорғау органының тергеушісі А.А. Асанов №122222222222 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Энск қаласы бойынша құқық қорғау органы «CoinCoinCoin» криптовалюта айырбастау пункті арқылы «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) аумағынан тыс цифрлық активтер айырбастау саласында аса ірі мөлшерде табыс алумен ұштасқан заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру фактісімен ҚР ҚК 214-бабы екінші бөлігі 2) тармағы бойынша С.С. Сидоровқа қатысты №122222222222 қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2023 жылғы 1 қаңтардағы №123456 хаты) USDT/Tether, Bitcoin, Ethereum, TRON («CoinCoinCoin» криптоайырбастау пунктінде сату/сатып алу үшін пайдаланған цифрлық активтер болған) Заңға сәйкес қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге жататындығын хабарлады.

Заңның 11-бабының 5-тармағына сәйкес АХҚО аумағын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер бойынша цифрлық активтер биржаларының қызметіне тыйым салынады.

АХҚО-ның 2023 жылғы 15 мамырдағы жауабына сәйкес С.С. Сидоров және ЖШС «Криптокойн» атынан цифрлық активтермен (қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді қоса алғанда) қаржылық қызметтер көрсету бойынша лицензия алуға өтініш түскен жоқ және олар АХҚО қатысушылары болып табылмайды.

Мәселен, 2022 жылы С.С. Сидоров Энск қаласының аумағында «CoinCoinCoin» крипто-айырбастау пунктін құру қылмыстық схемасын әзірлеген.

Өзінің қылмыстық ниетін жүзеге асыру мақсатында С.С. Сидоров 2022 жылдың 1 ақпанында өз атына «Криптокойн» ЖШС-ні тіркеді (БСН:1111111111).

Аса ірі көлемде тартылған ақшалай қаражат есебінен заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бағытталған қылмысты табысты іске асыру мақсатында азаматтарға инвестициялық шарттар ұсынған.

Осылайша, салымшылардың ақшалай қаражатын тарту ауқымын кеңейту мақсатында «Instagram», «Telegram» әлеуметтік желілерінде жарнама жүргізді.

«Binance» криптобиржасының берген жауабына сәйкес, С.С. Сидоровтың (ID 123456789) атына тіркелген криптоәмиянда 500 000 USDT бар.

ҚР ҚПК-нің 161-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салуды қолдану шараларын қабылдауға міндетті.

ҚР ҚПК-нің 161-бабының 8-бөліміне сәйкес мүлікке тыйым салу қолданылуы мүмкін.

С.С. Сидоровтың қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер түріндегі мүлкі қылмыстың айыпталатын әрекеті кезеңінде, яғни 2020 жылдан 2023 жылға дейін сатып алынғанын назарға ала отырып, тергеуде жоғарыда аталған мүліктер қылмыстық жолмен алынған ақшалай қаражатқа сатып алынды және кейіннен қылмыс жасау үшін объект болып табылады деп пайымдауға негіз бар.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ҚР ҚПК 155, 161-163 және 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Эңск қаласы бойынша Мамандандырылған тергеу сотына 01.01.1981 ж.т. Сергей Сергеевич Сидоров (ЖСН: 810101000000) қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер түріндегі мүлікке, атап айтқанда:

- «Binance» платформасында ID 123456789 сәйкестендіру нөмірімен тіркелген криптоәмиянының теңгеріміндегі 500 000 USDT мөлшерінде қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге тыйым салу туралы өтініш жасалсын.

2. Кейіннен сақтау үшін ID 123456789 сәйкестендіру нөмірімен тіркелген криптоәмиянының теңгеріміндегі 500 000 USDT мөлшерінде қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді құқық қорғау органының ID 1212121212 сәйкестендіру нөмірімен тіркелген криптоәмиянына аударуды жүзеге асырсын.

3. Орындалуын ұйымдастыру үшін осы қаулы құқық қорғау органына және «Binance» платформасына жіберілсін.

4. Қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.

5. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабардар етілсін.

**Эңск қаласы бойынша
құқық қорғау органының тергеушісі**

А.А. Асанов



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

КУӘЛІК

2024 жылғы «2» мамыр № 45363

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куаландыратын құжатта көрсетілсе):
МАХАНОВ ТАЛГАТ ГАБИТОВИЧ

Авторлық құқық объектісі: **ғылыми туынды**

Объектінің атауы: **Криптовалютаға тыйым салу (бұғаттау) және тәркілеу әдістемесі**

Объектіні жасаған күні: **08.03.2024**



Құжат түпнұсқалығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады <https://copyright.kazpatent.kz>
Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Оспанов



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

СВИДЕТЕЛЬСТВО

**О ВНЕСЕНИИ СВЕДЕНИЙ В ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РЕЕСТР
ПРАВ НА ОБЪЕКТЫ, ОХРАНЯЕМЫЕ АВТОРСКИМ ПРАВОМ**

№ 45363 от «2» мая 2024 года

Фамилия, имя, отчество, (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) автора (ов):

МАХАНОВ ТАЛГАТ ГАБИТОВИЧ

Вид объекта авторского права: **произведение науки**

Название объекта: **Криптовалютата тыйым салу (бұзатпау) және тәркілеу әдістемесі**

Дата создания объекта: **08.03.2024**



Креат. туңдасқалығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. <https://copyright.kazpatent.kz>
Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

Подписано ЭЦП

Е. Оспанов